

**Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеудің Ережесі туралы**

**Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі тіркеу қызметі комитетінің 1999 жылғы 23 сәуірдегі N 66 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 19 мамыр N 768 тіркелді. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінің 2007 жылғы 25 шілдедегі N 84 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінің 2007 жылғы 25 шілдедегі N 84 бұйрығымен.*

-----Бұйрықтан үзінді-----

*Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:*

- 1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*

*Тіркеу қызметі комитеті*

*Төрағасының м.а.*

*Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігі  
Тіркеу қызметі комитетінің  
2007 жылғы 25 шілдедегі  
N 84 бұйрығына*

*қосымша*

*Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің  
Тіркеу қызметі комитеті төрағасының күші жойылған кейбір бұйрықтарының  
тізбесі*

- 1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті төрағасының 1999 жылғы 23 сәуірдегі N 66 "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеудің Ережесі туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 768 нөмірімен тіркелген) бұйрығы...*

-----

*Ескерту: Бұйрықтың атауында, кіріспесінде, бұйрықтың бірінші абзацында "тіркеудің" деген сөзден кейін "және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеудің" деген сөздермен толықтырылды және кіріспесіне өзгерту енгізілді - ҚР Әділет*

*министрлігі Тіркеу қызметі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен .*

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін бұйырамын :

Қоса беріліп отырған Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеудің Ережесі бекітілсін.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігі Тіркеу  
қызметі комитеті Төрағасының  
1999 жылғы 23 сәуірдегі N 66  
бұйрығымен бекітілді

**Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеудің Ережесі**

*Ескерту: Ереженің атауына толықтыру енгізілді, мәтіндегі "заңдарына" деген сөз тиісінше "Қазақстан Республикасының заң актілеріне" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен .*

### **1. Жалпы жағдайлар**

1. Осы Ереже республика аумағында орналасқан құрылатын, қайта құрылатын және таратылатын заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуі, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің есептік тіркеуі бойынша Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті мен аумақтық органдарының ( бұдан әрі - тіркеуші органдар) әрекетін реттейді.

*Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен .*

2. Мемлекеттік тіркеу субъектілерге заңды тұлға мәртебесін беру тәсілі болып табылады. Заңды тұлға туралы деректерді заңды тұлғалардың регистріне енгізу және әділет органдары беретін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік субъектінің заңды тұлға құқықтарын иемденгенінің ресми айғағы болып табылады.

3. Тіркеу барысында заңды тұлға құрудың, филиалдың немесе өкілдігінің ашылуының жөнділігі назарға алынбайды, бақылауды жүзеге асыру және оның өндірістік-шаруашылық және қаржылық қызметіне араласу мақсаты көзделінбейді.

4. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу :

заңды тұлғаны құру, қайта ұйымдастыру және тоқтату, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктерді құру және тоқтату фактісін растау;

Қазақстан Республикасының аумағында құрылған, қайта ұйымдастырылған және өзінің қызметін тоқтатқан заңды тұлғалар, сондай-ақ құрылған және өзінің қызметін тоқтатқан филиалдар мен өкілдіктерді есепке алу;

заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімін және филиалдар мен өкілдіктердің тізілімін жүргізу;

заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы ақпаратты (қызмет немесе коммерциялық құпиясы болып табылатын ақпаратты қоспағанда) монополияға қарсы орган белгілеген тарифтер бойынша өткізу мақсатында жүзеге асырылады.

*Ескерту. 4-тармақ өзгертілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2000 жылғы 11 сәуірдегі N 61 бұйрығымен, 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен.*

5. Тіркеуші органдар құрылған, қайта құрылған және таратылған заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы деректерге ие заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік регистрін (бұдан әрі - Регистр) филиалдары мен өкілдіктердің реестрін (бұдан әрі - Реестр) жүргізеді.

Регистр және Реестр жүргізу тәртібін заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік регистрін және филиалдары мен өкілдіктерінің реестрін жүргізу тәртібі туралы Нұсқаулық анықтайды.

Тіркеуші органдар бірыңғай әдістемелік және бағдарламалық-технологиялық қағидаларға негізделген бірыңғай деректер банкін жүзеге асырады. Тіркеу қызметі Комитеті құрылған, қайта құрылған және таратылатын заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы тіркеуші органдардан модемді байланыс арқылы, қажет болған кезде қағазда немесе электронды қондырғыда (дискеталарда) алынған деректер негізінде бірыңғай электронды деректер банкін қалыптастыруды жүзеге асырады. Аймақтық электронды деректер банкін жергілікті тіркеуші органдар қалыптастырады.

*Ескерту. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2000 жылғы 11 сәуірдегі N 61 бұйрығымен.*

## **2. Тіркеу алымы**

6. Құрылған, қайта құрылған және өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің мемлекеттік тіркеуден өткені үшін жинақ қаржысына төлем төлеуі мен аудару тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңдары бойынша реттеледі.

## **3. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тәртібі**

7. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуіне - мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құрылтай және басқа құжаттарының Қазақстан Республикасының заң

актілеріне сәйкестігін тексеру, тіркеу нөмірін бере отырып оларға белгілі бір үлгідегі мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру, Регистрге заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу жатады.

Саяси партия мен оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдар мен өкілдіктердің) саяси партия мүшелерінің қажетті саны бар екендігін растайтын құжаттарын беруді талап етуге немесе оларға қол жеткізуге тіркеуші органдардың құқығы бар.

Заңды тұлғаларды тіркеу немесе қайта тіркеу үшін ұсынылатын құжаттарды тексеру кезінде тіркеуші орган орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен, соның ішінде құқық қорғау және бақылаушы органдармен, сондай-ақ лауазымды тұлғалармен де өзара іс-қимыл жасайды.

*Ескерту. 7-тармақ толықтырылды, өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2002 жылғы 7 қаңтардағы N 1 бұйрығымен, 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен.*

8. Республика аймағында құрылатын барлық заңды тұлғаларға олардың құрылу мақсаттарына, олардың әрекетінің жайы мен түріне, қатысушылардың (мүшелердің) құрамына қарамастан мемлекеттік тіркеу міндетті болып табылады.

Заңды тұлға қайта құрудың мынадай жағдайларында тіркеуге жатады.

Өзгеру барысында заңды тұлға өзінің түрін (ұйымдастыру-құқықтық нысаны) өзгертеді. Өзгеру арқылы қайта құрылатын заңды тұлға тіркеуден өтеді, бұл жағдайда тіркеуші органға өткізу құжаты ұсынылады. Өз әрекетін тоқтатқан (өзгерген) ұйым заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік регистрінен шығарылуға тиіс, ол туралы жаңадан құрылған заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі туралы бұйрықта көрсетіледі. Бұл жағдайда өз әрекетін тоқтатқан заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің түпнұсқалары алынады.

Қосу барысында бір және бірнеше заңды тұлғалар таратылып, өткізу құжатына сәйкес қосылған заңды тұлғалардың міндеттері мен құқықтарын иемденетін заңды тұлғаның іріленуі жүзеге асады. Қосылған заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік регистрден шығарылуға тиіс, бұл туралы мемлекеттік қайта тіркеу туралы бұйрықта бірден көрсетіледі. Егер қосылу нәтижесінде заңды тұлға қайта тіркеуге тиісті болмаса, онда тіркеуші орган қосылу туралы шешім мен беру актісінің негізінде қосылған заңды тұлғаларды бірыңғай мемлекеттік тізбеден шығару туралы бұйрық шығарады. Бұл жағдайларда соңғылардың құрылтай құжаттарының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің түпнұсқалары алынады. Бұйрықта қосылған заңды тұлғалардың және оларды қосып алған заңды тұлғаның толық атаулары көрсетілуге тиіс.

Бөлу барысында заңды тұлға таратылып, оның базасында екі және одан да көп заңды тұлғалар құрылады. Жаңадан құрылған заңды тұлғалар әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтуге тиіс. Бөлінетін заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері бөлу балансына сәйкес жаңадан пайда болған заңды тұлғаларға беріледі. Өз әрекетін тоқтатқан ұйым заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік регистрінен шығарылуға тиіс, ол туралы жаңадан құрылған заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі туралы бұйрықта бірден көрсетіледі. Өз әрекетін тоқтатқан заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің түпнұсқалары тіркеуші органға өткізіледі.

Бөліп шығару барысында бір заңды тұлғаның құрамынан бір және бірнеше заңды тұлғалар бөлініп шығады. Бұл жағдайда алғашқы заңды тұлғаның әрекеті тоқтатылмайды, ал бөлініп шыққан (жаңадан пайда болған) заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуден өтеді. Қайта құрылған заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері одан бөлініп шыққан әрбір заңды тұлғаға бөлу балансына сәйкес беріледі.

Қайта ұйымдасу нәтижесінде пайда болған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді тіркеуші органдар осы заңды тұлғаны қайта ұйымдастырушы-қатысушыларға талап қою үшін берілген мерзімнің өтуіне қарай жүргізеді.

*Ескерту. 8-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен.*

9. Заңды тұлғаны тіркеу үшін мыналар:

белгіленген үлгідегі мемлекеттік тіркеу туралы арыз. Мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер, мекемелер және мемлекеттің үлес қатысы бар шаруашылық серіктестіктер, акционерлік қоғамдар (бұдан әрі мемлекет қатысуымен заңды тұлға) мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттің үлес қатысы бар шаруашылық серіктестіктердің Реестр ұстау қызметін жүзеге асырушы өкілетті органның (бұдан әрі реестр ұстаушы) белгі соққан арызы;

құрылтайшы және басқа да құжаттардың пакеті (құжаттардың тізімі 1 қосымшаға тіркеледі) ұсынылады.

10. Жоғарыда көрсетілген құжаттар ұсынылғаннан кейін тіркеуші орган:

ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығын және олардың дұрыс құрастырылғанын, дайындалғанын және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкестігін тексереді;

құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес болған жағдайда заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы бұйрық шығарады (бұйрық жобасын заңды тұлғаның құжаттарын қарастырған тіркеу қызметінің маманы үш данада дайындайды және осы маман, сондай-ақ тіркеу бөлімінің

бастығы қол қояды, содан соң тіркеуші органының бастығына немесе оның орынбасарына қол қоюға ұсынады);

Тіркелімге, сондай-ақ электрондық дерекқорға заңды тұлға туралы мәлімет енгізеді;

тіркеген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде мемлекеттік статистика органына заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені туралы хабарлама жібереді;

есеп журналына статистикалық карточканың алынған уақыты мен күнін тіркейді;

"Салық төлеушінің куәлігін тіркелген заңды тұлғаға, филиал мен өкілдікке беру үшін салық органының әділет органына жіберу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2004 жылғы 2 маусымдағы N 314 бұйрығымен бекітілген тізімдемесі бойынша салық органы жіберген салық төлеушінің куәлігін алады; (тізімдемеге салық органының және әділет органының жауапты орындаушысы қол қояды және әрбір қол қойған тараптардың бір бір данасы сақталады, сонымен қатар әділет органы алынған салық төлеушінің куәліктерін есепке алу журналына жазба енгізеді);

салық төлеушінің куәлігін алғаннан кейін заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының үшінші данасын және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені туралы бұйрықты салық органына береді, ол жөнінде тиісті жазба енгізіледі;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы белгіленген үлгідегі куәлікті, сондай-ақ салық төлеушінің куәлігін және статистикалық карточкасын береді;

құрылтай және басқа құжаттары бір данадан тұратын істі рәсімдейді, істі рәсімдеп болғаннан кейін (тиісті штамптар мен мөр қойылғаннан кейін) құрылтай құжаттарының түпнұсқасы құрылтайшыға немесе оның өкіліне қайтарылады.

*Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен.*

11. Жүргізілген тіркеуден кейін тіркеуші орган:

Тіркеу қызметі Комитетіне модем байланысы бойынша, қажет болған кезде қағазбен немесе электронды тасымалдаушы (дискетада) арқылы тіркелген, қайта тіркелген және тараған заңды тұлғалар туралы ақпарат жолдайды;

10 күн ішінде реестрұстаушыны мемлекеттік тіркеуден өткен заңды тұлға туралы хабардар етеді.

*Ескерту. 11-тармаққа өзгертулер енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2000 жылғы 27 қаңтардағы N 16 бұйрығымен, 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен.*

**4. Филиалдарды және өкілдіктерді есептік тіркеу тәртібі**

12. Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан филиалдар (өкілдіктер) заңды тұлға құқықтарын иемденусіз есептік тіркеуге алынады.

Оларға өзін құрған заңды тұлғаның мүлкі беріледі және заңды тұлға бекіткен ережелер негізінде әрекет етеді.

Филиалдардың (өкілдіктердің) есептік тіркеуіне өзіне филиалдар (өкілдіктер) туралы, есептік тіркеуге ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкестігін тексеру, тіркеу нөмірін бере отырып оларға есептік тіркеу туралы куәлікті беру, филиалдар (өкілдіктер) туралы, есептік тіркеуге ұсынылған мәліметті Реестрге енгізу кіреді.

*Ескерту. 12-тармаққа өзгертулер, толықтырулар енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2000 жылғы 27 қаңтардағы N 16 бұйрығымен , 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен .*

13. Филиал (өкілдік) туралы ережеде мыналар анықталады:  
филиалдың (өкілдіктің) атауы және тұрған жері;  
филиалды (өкілдікті) құрған заңды тұлғаның атауы және тұрған жері;  
филиалдың (өкілдіктің) қызмет мерзімі;  
филиалдың (өкілдіктің) қызметінің мақсаты;  
филиалдары (өкілдіктері) қызметінің пәні;  
филиалды (өкілдікті) басқару және филиал (өкілдік) басшысының құзыреті;  
филиалды (өкілдікті) тоқтатудың шарты;  
қызметінің мәні, филиал (өкілдік) құратын заңды тұлғаны тіркеу туралы  
д е р е к т е р .

Ережеде заңға қайшы келмейтін басқа да мәліметтер болуы мүмкін. Филиал (өкілдік) туралы ереже заңды тұлғаның өкілетті органымен бекітіледі, заңды тұлғаның м ө р і б а с ы л а д ы .

*Ескерту. 13-тармаққа өзгертулер, толықтырулар енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 202 бұйрығымен , 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен .*

14. Филиалды (өкілдікті) тіркеу үшін мыналар:  
белгіленген үлгідегі филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы арыз;  
филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу үшін қажетті белгіленген үлгіде толтырылған құжаттардың пакеті ұсынылады (4 қосымша).

15. Жоғарыда көрсетілген құжаттар ұсынылғаннан кейін тіркеуші орган:  
ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығын және олардың дұрыс құрастырылғанын, дайындалғанын және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкестігін тексереді;  
құжаттары Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес болған

жағдайда филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы бұйрық шығарады (бұйрық жобасын филиалдың (өкілдіктің) құжаттарын қарастырған тіркеу қызметінің маманы үш данада дайындайды және осы маман, сонымен қатар тіркеу бөлімінің бастығы қол қояды, содан соң тіркеуші органының бастығына немесе оның орынбасарына қол қоюға ұсынады);

Тізілімге, сондай-ақ электрондық дерекқорға филиал (өкілдік) туралы мәлімет енгізеді;

тіркеген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде мемлекеттік статистика органына филиалды (өкілдікті) есептік тіркегені туралы хабарлама жібереді;

есеп журналында статистикалық карточканың алынған уақыты мен күнін тіркейді;

салық органы "Салық төлеушінің куәлігін тіркелген заңды тұлғаға, филиал мен өкілдікке беру үшін салық органының әділет органына жіберу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2004 жылғы 2 маусымдағы N 314 бұйрығымен бекіткен, тізімдемесі бойынша жіберген салық төлеушінің куәлігін алады; (тізімдемеге салық органының және әділет органының жауапты орындаушылары қол қояды және әрбір қол қойған тараптардың бір бір данасы сақталады, сонымен қатар, әділет органы алынған салық төлеушінің куәлігін есепке алу журналына жазба енгізеді);

салық төлеушінің куәлігін алғаннан кейін филиалдың (өкілдіктің) құжаттарының үшінші данасын салық органына береді;

филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы белгіленген үлгідегі куәлікті, сондай-ақ салық төлеушінің куәлігін және статистикалық карточкасын береді;

бір данадан тұратын ережелер істерін ресімдейді, істі ресімдеп болғаннан кейін (тиісті штамптар мен мөр қойылғаннан кейін) ережелерінің түпнұсқасы басшысына немесе оның өкіліне қайтарылады.

*Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен.*

16. Аумақтық тіркеуші органдар Тіркеу қызметі Комитетіне тіркелген, қайта тіркелген және тараған филиалдар (өкілдіктер) туралы мәліметтерді модем байланысы бойынша, қажет болса қағазбен немесе дискета арқылы жолдауға міндетті.

*Ескерту. 16-тармаққа өзгертулер енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2000 жылғы 27 қаңтардағы N 16 бұйрығымен, 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен.*

## **5. Заңды тұлғаны қайта тіркеу**



17. Заңды тұлға келесі жағдайда:

- 1) жарғылық капитал мөлшері азайғанда;
- 2) атауы өзгергенде;

3) шаруашылық серіктестіктеріндегі қатысушылардың (саны жүз және одан да көп қатысушылары бар шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда) құрамы өзгергенде қайта тіркеуден өтуге тиіс.

Өкілетті орган шешімі қабылданған сәттен бастап бір айдың ішінде заңды тұлға тіркеуші органға қажетті құжаттар пакетімен қоса ұсына отырып қайта тіркеу туралы арыз беруге міндетті.

Қатысушылар құрамының өзгеруі, атауының өзгеруі немесе жарғылық капиталының азаюы негізінде заңды тұлғаның қайта тіркеуі қайта құрудың келесі жағдайларында болуы мүмкін.

Қосу барысында бір және бірнеше заңды тұлғалар таратылып, өткізу қажетіне сәйкес қосылған заңды тұлғалардың міндеттері мен құқықтарын иемденетін бір заңды тұлғаның іріленуі жүзеге асады. Қосылған заңды тұлғалар Регистрден шығарылуға тиіс, бұл туралы мемлекеттік қайта тіркеу туралы бұйрықта бірден көрсетіледі. Егер қосылу нәтижесінде заңды тұлға қайта тіркеуге тиісті болмаса, онда қосылатын заңды тұлғаның тіркелуін (қайта тіркелуін) тіркеуді жүзеге асырған тіркеуші орган қосылу туралы шешімі мен беру актісінің негізінде қосылған заңды тұлғаларды Регистрден шығару туралы бұйрық шығарады. Тіркеуші органға кредиторларды хабардар ету тәсілі, сондай-ақ заңды тұлғаның қайта құрылуы туралы хабарлама жарияланған бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылған күні мен нөмірі көрсетілген еркін түрдегі жазбаша өтініш беріледі. Егер қайта құру нәтижесінде қосып алушы заңды тұлға қайта тіркеуге жатса, онда қосылатын заңды тұлғаны Регистрден шығаруды қайта тіркеуге құжаттар пакеті тапсырылған тіркеуші орган жүзеге асыра алады. Осы жағдайда заңды тұлғаны қайта тіркеу және қосылған заңды тұлғаны Регистрден шығару туралы бұйрықтың көшірмесі бұрынғы тіркеуші органға жіберілуі тиіс. Бұл жағдайларда соңғылардың құрылтай құжаттарының және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің түпнұсқалары алынады. Регистрден шығару заңды тұлғаның қызметінің тоқтатылғаны туралы жазба бойынша жүргізіледі. Бұйрықта қосылған заңды тұлғалардың және оларды қосып алған заңды тұлғаның толық атаулары көрсетілуге тиіс.

Бөліп шығару барысында бір заңды тұлғаның құрамынан бір және бірнеше заңды тұлғалар бөлініп шығады. Бұл жағдайда алғашқы заңды тұлғаның әрекеті тоқтатылмайды, ал бөлініп шыққан (жанадан пайда болған) заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуден өтеді. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 42 бабы 6 тармағында көрсетілген негіздер бар болған жағдайда алғашқы заңды тұлға қайта тіркеледі. Қайта құрылған заңды тұлғаның

құқықтары мен міндеттері бөлінген әрбір заңды тұлғаға бөлу балансына сәйкес беріледі.

Ұйымдардың кейбір түрлерінің қайта құруы заңдар қарастыратын ерекшеліктерді есепке ала отырып жүзеге асады.

*Ескерту. 17-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 202 бұйрығымен, 2000 жылғы 25 мамырдағы N 109 бұйрығымен, 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен.*

18. Заңды тұлғаны қайта тіркеу үшін тіркеуші органға мыналар: заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы белгіленген үлгідегі арызы. Заңды тұлғалар мемлекет қатысуымен реестрұстаушының белгісі бар арызды тапсырады;

құрылтай құжаттарына өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы өкілді органның мөрі қойылған шешімі немесе шешімнің көшірмесі;

өзгерістер (толықтырулар) енгізілетін құрылтай құжаттар. Мұнда өзгерістер (толықтырулар) енгізу екі тәсілмен жүргізілуі мүмкін: жаңа редакцияда құрылтай құжаттарды жасау немесе өзгерістерді (толықтыруларды) бұрынғы құрылтай құжаттарға қосымша түрінде белгілеу;

бұрынғы құрылтай құжаттарды түпнұсқалары; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің түпнұсқалары, статистика карточкасының және салық төлеушінің куәлігінің түпнұсқалары;

қайта тіркеу үшін алымның төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі ұсынылады.

Көрсетілген құжаттардың тізімі қайта тіркеудің барлық жағдайларын өткенде ұсынылады.

*Ескерту. 18-тармаққа толықтыру, өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2000 жылғы 11 сәуірдегі N 61 бұйрығымен, 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен.*

19. Қайта тіркеудің негіздеріне қарай заңды тұлға Қазақстан Республикасы заң актілеріне сәйкес тіркеуші органға басқа құжаттарды ұсынуы тиіс. Шаруашылық серіктестігі құрамынан шыққан жағдайда, саны жүз және одан да көп қатысушылары бар шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда, қатысушылар құрамының өзгеруі негіздемесі бойынша қайта тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңдарына және құрылтай құжаттарына сәйкес шығып кететін қатысушының, мүліктегі (жарғылық капиталдағы) үлеске құқығы оның иелігінен шығарылғанын (басқа біреуге берілгенін) немесе басқаға ауысқанын растайтын құжат ұсынылады. Заңды тұлға қайта құрылғанда тіркеуші органға осы Ереженің 18 тармағында аталған құжаттардан басқа қайта құрылған заңды тұлғаның міндеттері бойынша құқықтық мұрагерлік туралы ереже (мәлімет) көрсетілген

бөлу балансы немесе өткізу акт ұсынылады.

*Ескерту. 19-тармаққа толықтыру, өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен .*

20. Құжаттар ұсынылғаннан кейін тіркеуші орган:  
ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығын және олардың дұрыс құрастырылғанын, дайындалғанын тексереді;

мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы бұрынғы куәліктің күшін жою туралы және қолданымдағы заңдар бұзылмаған жағдайда осы Ереженің 10 тармағында қаралған тәртіпке сәйкес заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы бұйрық шығарады ;

Регистрге, сол сияқты электронды банкке заңды тұлға туралы берілген мәліметтерді енгізеді ;

тіркеген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде мемлекеттік статистика органына заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркегені туралы хабарлама жібереді;

Заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы белгіленген үлгідегі куәлік береді. Заңды тұлғаға тіркеу нөмірін беру тәртібі Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік регистрін және заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері реестрін жүргізу тәртібі туралы Нұсқаулық анықтайды;

істі жаңа құрылтай құжаттармен немесе бұрынғы құрылтайшы құжаттарға қосымша ретінде енгізілетін өзгертулер мен толықтырулармен, сол секілді бұрынғы куәліктің түпнұсқасымен, статистикалық карточканың, салық төлеушінің куәлігінің түпнұсқаларымен және заңды тұлғаның басқа құжаттарымен толықтырады. Іс қалыптастырылып болғаннан кейін (тиісті штамптар қойылғаннан кейін) құрылтай құжаттардың түпнұсқасын өкілетті адамға қайтарылады .

он күн ішінде және заңды тұлғаның мемлекет қатысуымен қайта тіркеуі болған жағдайда реестрұстаушыны хабардар етеді.

*Ескерту. 20-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен .*

21. Заң актілерінде көзделген негіз бойынша заңды тұлғаның қайта тіркелуінсіз құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер жарамсыз болып табылады.

**6. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізудің тәртібі**

22. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі қайта тіркелуге апарып соқпайтын және алымды төлемей-ақ жүзеге

асатын басқа мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлауға тиісті (тұрған жерінің ауысуы, филиалдар немесе өкілдіктердің ашылуы және т.б.). Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына мұндай өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін жағдайда заңды тұлға бұл жайлы бір ай мерзім ішінде тіркеуші органға хабарлауға тиіс.

23. Қайта тіркелуге әкеліп соқпайтын өзгерістер мен толықтыруларды құрылтай құжаттарына енгізу үшін тіркеуші органға келесі құжаттар:

өз еркімен жазылған (мемлекет қатысуымен заңды тұлға реестрұстаушының белгісі бар арыз) арыз;

құрылтай құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның өкілді органының мөр басылған шешімі немесе одан жасалған үзінді;

бұрынғы құрылтай құжаттарына қосымша ретінде немесе құрылтай құжаттары жаңа редакция түрінде рәсімделуі мүмкін болатын заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулардың үш данасы. Егер заңға сәйкес құрылтай құжаттарды нотариалды куәландыру қажет болса, онда оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар да нотариалды тәртіпте куәландырылуы қажет;

бұрынғы құрылтай құжаттарының (мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің, статистикалық карточкасы мен салық төлеушінің куәлігінің) түпнұсқаларын ұсынады.

*Ескерту. 23-тармаққа өзгертулер, толықтыру енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 202 бұйрығымен, 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен.*

24. Көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін тіркеуші орган: олардың дұрыс құрастырылғанын және енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың заңға сәйкестігін тексереді;

кемшіліктері болмаған жағдайда құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу туралы бұйрық шығарады;

Регистрге, сол сияқты электронды банкке жаңа деректерді енгізеді; тіркеген күннен кейін бір жұмыс күні ішінде мемлекеттік статистика органына заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістермен толықтырулардың тіркелгені туралы хабарлама жібереді;

есеп журналында статистикалық карточкасын алған уақытын және күнін тіркейді;

өзгерістер мен толықтырулар рәсімделгеннен (тиісті штамптар мен мөр қойылғаннан) кейін бір данасы заңды тұлғаның өкілетті тұлғасына қайтарылады, ал өзге құжаттар заңды тұлғаның тіркеу істеріне тігіледі. Құрылтай құжаттары жаңа редакцияда тапсырылған жағдайда, бұрынғы құрылтай құжаттарының

түпнұсқалары қайтарылуға жатпайды;

10 күн ішінде мемлекеттік қатысуы бар заңды тұлғаларға қатысты реестрұстаушыға хабарлайды.

*Ескерту. 24-тармаққа өзгертулер енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 202 бұйрығымен, 2000 жылғы 27 қаңтардағы N 16 бұйрығымен, 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен.*

25. Заңды тұлғаның мекен-жайын бір облыстан екінші облысқа (Астана және Алматы қалалары) ауыстыруына байланысты құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізген жағдайда тіркеуші орган:

құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы қайта толтырылған куәлікті беру және бұрынғы куәлікті жою туралы бұйрық шығарады;

Регистрге, сол сияқты электронды банкке заңды тұлға туралы мәліметтерді енгізеді;

жаңа мекен-жайы, жаңа тіркелген нөмірі және заңды тұлғаның жаңа тіркелген (қайта тіркелген) күні көрсетілген заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы белгілі үлгідегі куәлікті және статистикалық карточканы береді;

заңды тұлғаның бұрынғы мекен-жайы бойынша тіркеуші органнан оның құжаттарын сұратып алады;

іске бұрынғы куәліктің түпнұсқаларын, статистика карточкасының, салық төлеушінің куәлігінің көшірмесін, сол сияқты жаңа ұсынылған құжаттарды тігеді;

он күн ішінде реестрұстаушыға (мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғаға қатысты) заңды тұлғаның мекен-жайының өзгергені туралы хабарлайды;

бұйрық көшірмесін заңды тұлғаның бұрынғы мекен-жайындағы тіркеуші органға жібереді. Алынған бұйрық көшірмесі негізінде тіркеуші орган Регистрге заңды тұлға қызметін тоқтатқаны туралы жазбаны және электронды банкке деректерді енгізу арқылы Регистрден бұрын тіркелген заңды тұлға туралы мәліметті жояды.

*Ескерту. 25-тармаққа өзгертулер, толықтырулар енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2000 жылғы 27 қаңтардағы N 16 бұйрығымен, 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен.*

25-1. Заңды тұлғаның тұрған жері бір облыстың (Астана және Алматы қалаларының) аумағы ішінде өзгерген жағдайда тіркеуші орган:

құрылтай құжаттарға енгізілген өзгерістерді тіркеу, қайта дайындалған мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік беру және бұрынғы куәліктің күшін жою туралы бұйрық шығарады;

Регистрге, сонымен қатар электронды деректер банкісіне заңды тұлғаның тұрған жерінің өзгергені жөніндегі мәліметтерді енгізеді;

заңды тұлғаның жаңа тұрған жері, бұрынғы тіркеу нөмірі мен тіркелген күні көрсетілген мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік және статистикалық карточканы береді. Тіркеуші органның тиісті мөртаңбалары мен мөрі қойылғаннан кейін құрылтай құжаттың түпнұсқасы өкілетті тұлғаға беріледі;

бұрынғы статистикалық карточкасының түпнұсқалары мен тапсырылған өзге де құжаттарды заңды тұлғаның тіркеу материалдарына тігеді;

10 күн ішінде реестрұстаушыны (мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалар бойынша) заңды тұлғаның тұрған жерінің өзгергені туралы хабардар етеді.

*Ескерту. 25-1-тармақпен толықтырылды, тармаққа өзгерту, толықтырулар енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2000 жылғы 27 қаңтардағы N 16 бұйрығымен, 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен.*

#### **7. Филиалдар мен өкілдіктерді қайта тіркеу**

26. Филиал (өкілдік) атауы өзгерген жағдайда қайта тіркеуден өтуі тиіс.

*Ескерту. 26-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 202 бұйрығымен.*

27. Филиалдың (өкілдіктің) қайта тіркелуі осы Ереженің 18 және 20 тармақтары қарастыратын тәртіппен филиалға (өкілдігіне) қатысты жүзеге асырылады. Филиалға (өкілдікке) белгіленген үлгідегі есептік қайта тіркеу туралы куәлік, сондай-ақ салық төлеушінің куәлігі және статистикалық карточкасы беріледі.

*Ескерту. 27-тармақ толықтырылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 202 бұйрығымен, 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен.*

28. Филиал (өкілдік) туралы ережеге қайта тіркеуге әкеліп соқтырмайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізу осы Ереженің 22 - 25-1 тармақтарына сәйкес филиалға (өкілдікке) қатысты жүзеге асырылады. Филиал (өкілдік) тұрған жерін бір облыстан басқа облысқа ауыстырған жағдайда қайта дайындалған есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік беріледі.

*Ескерту. 28-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2000 жылғы 27 қаңтардағы N 16 бұйрығымен.*

#### **8. Тіркеу туралы куәліктің дубликатын беру**

29. Заңды тұлғаның өтініші бойынша тіркеуші орган үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу

туралы куәліктердің дубликаттарын береді.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы куәліктердің дубликаттарын беру үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексі белгіленген тәртіппен заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін алым алынады.

*Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен .*

#### **9. Заңды тұлғаны таратуды тіркеу**

30. Заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған заңды тұлғаның мүлкінің меншік иесі немесе өкілетті орган таратылатын заңды тұлғаның тұрған жеріндегі тіркеуші органға бұл тарату туралы бірден хабарлайды (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 50 бабы 1 тармағы).

31. Заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асырушы орган, заңды тұлғаны тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы шешімді алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тарату немесе қайта ұйымдастыру тәртібінің сақталуын тексереді.

Заңды тұлғаның таратылу негіздемесі бойынша қызметінің тоқтатылуын т і р к е у ү ш і н :

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша таратылуды тіркеу туралы өтініш;

2) заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не оған заңды тұлғаның мөрі басылған құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берген заңды тұлға органының шешімі;

3) құрылтай құжаттары, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік пен с т а т и с т и к а л ы қ к а р т о ч к а ;

4) заңды тұлғаның таратылуы, кредиторлар қойған талаптарды мәлімдеудің тәртібі мен мерзімдері туралы баспасөз басылымдарында ақпараттың жарияланғанын растайтын құжат;

5) таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамы, кредиторлар мәлімдеген талаптардың тізбесі туралы мәліметтер қамтылған аралық тарату балансы, сондай-ақ оларды қарау нәтижелері;

6) т а р а т у б а л а н с ы ;

7) заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе заңды тұлғаны тарату туралы, заңды тұлғаның мөрі басылған аралық және тарату баланстарын бекіту туралы шешімді қабылдаған өзге органның шешімі;

8) заңды тұлғаның мөрінің жойылғаны туралы құжаты;

9) таратылатын заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктерінің (олар болған жағдайда) есептен шығарылғанын растайтын құжат;

- 10) салық берешегінің жоқ екендігі туралы анықтама;
- 11) кеден органдарының кедендік төлемдер бойынша берешектері мен аяқталмаған сыртқы сауда мәмілелерінің жоқ екендігі туралы анықтама;
- 12) акция шығарылымдарының (акционерлік қоғамдар үшін) күші жойылғандығы туралы уәкілетті органның хабарламасы;
- 13) заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелгені үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат табыс етіледі.

Соттың шешімі бойынша таратылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркеу, сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

Тиісті тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерінің қызметінің тоқтатылуын тіркеуді монополияға қарсы органның алдын ала келісімімен тіркеуші орган жүзеге асырады. Акционерлік қоғамды қайта ұйымдастырған жағдайда тіркеуші органға, уәкілетті органның осы акционерлік қоғам акцияларының барлық шығарылымының күшін жою туралы хабарламасы қосымша табыс етіледі.

Заңды тұлғаны таратудың немесе қайта ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзушылық анықталған жағдайда тіркеуші орган тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарады.

*Ескерту. 31-тармақ өзгертілді, толықтырылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 202 бұйрығымен .*

*Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен .*

32. Осы ереженің 31-тармағында көрсетілген құжаттарды алған кезден бастап тіркеуші орган 10 күн ішінде;

заңдарда және заңды тұлғаның жарғысында қарастырылған тарату тәртібінің орындалуын тексереді;

заңды тұлғаның таратылуын тіркеу туралы, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің күшін жою туралы және оны Регистрден шығару туралы бұйрық шығарады. Заңды тұлғаны таратудың белгіленген тәртібі бұзылған жағдайларда тіркеуші орган таратуды тіркеуден бас тарту туралы бұйрық шығарады ;

Регистрге және электронды деректер банкіне заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтер енгізеді;

заңды тұлғаның таратылуы аяқталғаны туралы статистика органдарына және реестрұстаушыға (мемлекеттік қатысуы бар заңды тұлғаларға қатысты) хабарлайды (7 қосымша).



Ұйымдардың кейбір түрлерін (банк және т.б.) тарату заңдарда қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылады.

Құрылтай құжаттары, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік және статистикалық карточканың түпнұсқалары, сондай-ақ таратуды тіркеуге ұсынылған өзге де құжаттар тіркеуші органда сақталады.

*Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 202 бұйрығымен .*

33. Сот банкрот деп таныған заңды тұлғаны таратуды тіркеу банкрот деп тану туралы сот шешімі және байқау өндірісінің аяқталғаны туралы сот анықтамасы негізінде жүзеге асырылады. Бұл жағдайда тіркеуші органға таратуды тіркеу туралы арызды тапсыру қажет емес.

#### **10. Филиал мен өкілдікті есептен алудың тәртібі**

*Ескерту. 10-тарау жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2000 жылғы 27 қаңтардағы N 16 бұйрығымен .*

34. Филиалды (өкілдікті) есептен алу үшін тіркеуші органға:  
филиалды (өкілдікті) есептен алу туралы белгіленген үлгідегі арыз;  
филиалды (өкілдікті) қысқарту туралы заңды тұлғаның өкілетті органының немесе соттың шешімі;  
филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы, филиалдың (өкілдіктің) ережесі және статистикалық карточкасы;  
филиалдың (өкілдіктің) қызметінің тоқтатылғанын тіркеу үшін алымды төлеу туралы түбіртек (төлем тапсырмасының көшірмесі);  
филиалдың (өкілдіктің) орналасқан жері бойынша салық органының салық берешегінің жоқ екендігі туралы анықтамасы тапсырылады.

*Ескерту. 34-тармақ өзгертілді, толықтырылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 202 бұйрығымен , 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен .*

35. Тіркеуші орган филиалды (өкілдікті) есептен алу туралы арызды алған күннен бастап 10 күннің ішінде:

тапсырылған құжаттардың толықтығы мен тағайындалғанының дұрыстығын тексереді ;

кемшіліктер болмаған жағдайда филиалды (өкілдікті) есептен алу, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы куәліктің күшін жою және Реестр мен электронды деректер банкісіне филиалдың (өкілдіктің) қызметінің тоқтағаны жөнінде мәлімет енгізу туралы бұйрық шығарады;

Реестрге және электронды деректер банкісіне филиалдың (өкілдіктің)

қызметінің тоқтағаны жөнінде мәлімет енгізеді;

10 күн ішінде статистика органдарын филиалдың (өкілдіктің) қызметінің тоқтағаны жөнінде хабардар етеді (7-қосымша).

Тіркеуші орган тапсырылған құжаттарда кемшіліктер болған жағдайда (құжаттар дұрыс тағайындалмаса, филиалды (өкілдікті) қысқарту туралы шешімді өкілеттілігі жоқ жақ қабылдаса, осы Ереженің 34-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуі болмаса және т.б.) филиалды (өкілдікті) есептен алудан бас тарту туралы бұйрық шығарады.

Филиалды (өкілдікті) есептен алу үшін тапсырылған құжаттар тіркеуші органда сақталады.

### **11. Мемлекеттік тіркеу мерзімі. Тіркеуден бас тарту**

36. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттары қоса тіркеліп өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал өзге заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттары қоса тіркеліп өтініш қоса берілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

*Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2000 жылғы 11 сәуірдегі N 61 бұйрығымен , 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен .*

37. Құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған, оларды қарастыру барысында анықталған жетіспеушіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысы қажет болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілері қарастыратын басқа да негіздемелер бойынша мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) мерзімі үзіледі.

*Ескерту. 37-тармақ толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2000 жылғы 11 сәуірдегі N 61 бұйрығымен .*

38. Заңды тұлғаны құрудың және қайта ұйымдастырудың Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртібін бұзу, құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес келмеуі, сондай-ақ табыстау актісін немесе бөлу балансын, ұсынбау не оларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқық мирасқорлығы туралы ережелердің болмауы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тартуға ә к е п с о ғ а д ы .

Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тартуға филиалды (өкілдікті) құрудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртібі бұзылған жағдайда, есептік тіркеуге ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес болмаған жағдайларда жол

б е р і л е д і .

*Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен .*

39. Тіркеуден бас тартқан немесе тіркеу мерзімін үзген жағдайларда тіркеуші орган нақты заңның (оның нақты бабының) бұзылғанына сілтемесі бар бұйрық шығарады. Бас тартылған жағдайда өтініш, заңдарға қайшылығы бар құжаттар және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін төленген алым қайтарылуға ж а т п а й д ы .

Мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғаны тіркеуден бас тарту кезінде тіркеуші орган бұл жөнінде 10 күн ішінде реестрұстаушыға хабарлайды.

*Ескерту. 39-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 202 бұйрығымен .*

40. Тіркеу (қайта тіркеу) мерзімінің үзілісі жарияланған жағдайда тіркеу (қайта тіркеу) мерзімінің үзілісіне себеп болған, қолданып жүрген заңға қайшылығы бар құжаттар қайтарылмайды. Үзілістен кейін мерзімнің өтуі қайтадан басталады: үзіліске дейін өткен уақыт жаңа мерзімге есептелмейді.

*Ескерту. 40-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 202 бұйрығымен .*

41. Құрылтай құжаттарына мемлекеттік қайта тіркеуге әкеліп соқпайтын өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуін тіркеу мынадай мерзімдерде жүзеге асырылады: шағын кәсіпкерлік субъектілері және олардың филиалдар мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттары қоса тіркеліп өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс, ал өзге заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттары қоса тіркеліп өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс. Құжаттардың толық емес пакеті ұсынылып немесе оларда заңға қайшылықтар болған жағдайда құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуден бас тартылады.

*Ескерту. 41-тармақпен толықтырылды, өзгертілді, жаңа редакцияда берілді - Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 202 бұйрығымен , 2000 жылғы 11 сәуірдегі N 61 бұйрығымен , 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен .*

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу Ережесіне 1 қосымша

*Ескерту. Қосымша өзгертілді, толықтырылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 202 бұйрығымен, 2000 жылғы 11 сәуірдегі N 61 бұйрығымен, 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 1 бұйрығымен.*

**Тіркеуге ұсынатын құжаттардың тізімі**

1. Акционерлік қоғам:  
тіркеу туралы өтініш;  
ж а р ғ ы ;  
құрылтай жиналысының хаттамасы;  
тұрған жерін растайтын құжат;  
тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының  
к ө ш і р м е с і .

2. Мемлекеттік кәсіпорын:  
тіркеу туралы өтініш;  
ж а р ғ ы ;  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқару органының  
кәсіпорынды құру туралы шешімі;  
тұрған жерін растайтын құжат;  
тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының  
к ө ш і р м е с і .

3. Мемлекеттік мекеме:  
тіркеу туралы өтініш;  
мемлекеттік мекемені құру туралы шешім;  
е р е ж е ( ж а р ғ ы ) ;  
тұрған жерін растайтын құжат;  
тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының  
к ө ш і р м е с і .

4. Тұрғын үй-құрылыс кооперативі және тұрғын үй кооперативі:  
тіркеу туралы өтініш;  
ж а р ғ ы ;  
тұрған жерін растайтын құжат;  
тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының  
к ө ш і р м е с і .

*Ескерту* : Тұрғын үй-құрылыс және тұрғын үй кооперативтері кооператив мүшелерінің фамилиясы, аты, әкесінің аты, туған жылы, тұрған жері туралы мәліметтер бар тізімді ұсынады.

5. Сенім серіктестік:  
тіркеу туралы өтініш;  
егер өз қызметін Үлгі жарғы негізінде жүзеге асырмайтын болса, жарғы;



қоғамдық бірлестіктің басқарушы органының тұрған жерін растайтын құжат;  
тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының  
к ө ш і р м е с і .

*Е с к е р т у :*

1. Саяси партияларды тіркегенде қосымша ұсынылады:  
п а р т и я б а ғ д а р л а м а с ы ;

партия мүшесінің әрқайсысының тегін, атын, әкесінің атын, туған айы мен жылын, Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірін, тұрған жерінің мекен-жайын көрсете отырып, барлық облыстардағы, республикалық мәні бар қаладағы және елордадағы әрбір құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдармен өкілдіктерінің ) кемінде жеті жүз мүшесі бар, құрамында кемінде елу мың партия мүшесі бар партия мүшелерінің  
т і з і м і .

2. А л ы н ы п т а с т а л ы н д ы ;

11. Заңды тұлғалардың қауымдастық (одақ) нысанындағы бірлестігі:  
т і р к е у т у р а л ы ө т і н і ш ;

бірлестіктің барлық құрылтайшылары қолын қойған құрылтай шарты;  
т ұ р ғ а н ж е р і н р а с т а й т ы н құжат;

тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының  
к ө ш і р м е с і .

11-1. Ауылдық тұтыну кооперативі:  
т і р к е у т у р а л ы ө т і н і ш ;

құрылтай жиналысының хаттамасы;  
ж а р ғ ы ;

т ұ р ғ а н ж е р і н р а с т а й т ы н құжат;

тіркеу үшін алым төлегені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының  
к ө ш і р м е с і ;

азаматтар үшін - тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы және жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтері, және заңды тұлғалар үшін - атауы, тұрған жері, тіркеу нөмірі туралы мәліметтер көрсетілген жарна салушылардың тізімі.

12. Аудиторлық палата:  
т і р к е у т у р а л ы ө т і н і ш ;

ж и н а л ы с х а т т а м а с ы ;  
ж а р ғ ы ;

т ұ р ғ а н ж е р і н р а с т а й т ы н құжат;

тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының  
к ө ш і р м е с і .

13. Толық серіктестік:  
т і р к е у т у р а л ы ө т і н і ш ;

егер өз қызметін Үлгі жарғы негізінде жүзеге асырмайтын болса, жарғы;  
құрылтай шарт;  
тұрған жерін растайтын құжат (шағын кәсіпкерлік субъектілерінен басқа);  
тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының  
көшірмесі.

14. Өндірістік кооператив:  
тіркеу туралы өтініш;  
егер өз қызметін Үлгі жарғы негізінде жүзеге асырмайтын болса, жарғы;  
құрылтай шарт (құрылтайшылар қалауы бойынша);  
тұрған жерін растайтын құжат (шағын кәсіпкерлік субъектілерінен басқа);  
тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының  
көшірмесі.

*Ескерту* : Егер өндірістік кооператив құру барысында құрылтай шарты бекітілмесе, онда тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, тұрақты мекен-жайы көрсетілген өндірістік кооператив мүшелерінің тізімі тіркеуші органға ұсынылуға тиіс.

15. Тұтыну кооперативі:  
тіркеу туралы өтініш;  
жарғы;  
тұрған жерін растайтын құжат;  
тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының  
көшірмесі.

*Ескерту* : Тұтыну кооперативі кооператив мүшелерінің фамилиясы, аты, әкесінің аты, туған жылы, тұрған жері (азаматтар үшін), тұрған жері туралы, банк реквизиті және мемлекет тіркеу туралы мәліметтер бар (заңды тұлға үшін) тізімді ұсынады.

16. Діни бірлестік:  
тіркеу туралы өтініш;  
құрылтай съезінде (конференцияда, жиналысында) қабылданған жарғы;  
жарғыны қабылдаған жиналыстың (конференцияның, съездің, құрылтайдың) нөмірленген, тігілген хаттамасы, оған уәкілетті тұлға қол қояды;  
тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, айы, жылы, мекен-жайы, үй және қызмет телефоны, жеке қолтаңбасы көрсетілген қоғамдық бірлестіктің бастаушы азаматтарының тізімі;

тегі, аты, әкесінің аты, сайлаулы қызметі, туған жылы, мекен-жайы, үй және қызмет телефоны, қоғамдық бірлестіктің басқарушы органы мүшелерінің тізімі;  
тұрған жерін растайтын құжат;  
тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының  
көшірмесі;

*Е с к е р т у :*

1. Республика шеңберінен тыс басқарушы орталығы бар діни бірлестіктер  
қ о с ы м ш а :

қазақ немесе орыс тіліне аударылған, нотариалды куәландырылған шетел  
орталығының жарғысының көшірмесі;

діни орталық өз елінің заңдары бойынша заңды тұлға болып  
табылатындығын растайтын қазақ немесе орыс тіліне аударылған, нотариалды  
куәландырылған тізілім көшірмесі немесе басқа құжат ұсынады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында қызмет ететін діни бірлестіктердің  
басшыларын шетел діни орталықтарының тағайындауы республика басқару  
органдарының келісімі бойынша жүзеге асады.

3. Діни оқу мекемесі қосымша оқу мекемесін құру туралы діни басқарманың (   
орталықтың) сәйкесті органның шешімін және жергілікті атқару органында  
аккредитацияланғанын растайтын құжатты ұсынады.

4. Діни басқармалар (орталықтар) негізін салған діни оқу  
мекемелерінің, мешіттерінің, монастрлердің және басқа да діни  
бірлестіктердің жарғыларын (ережелерін) осы діни басқармалар (орталықтар)  
бекітеді. Тіркеу үшін оларды құру туралы діни басқарманың (орталықтың)  
сәйкесті органының шешімі ұсынылады.

5. Алынып тасталынды ;

17. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік:  
тіркеу туралы өтініш ;

егер өз қызметін Үлгі жарғы негізінде жүзеге асырмайтын болса, жарғы;  
тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының  
к ө ш і р м е с і .

18. Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік:  
тіркеу туралы өтініш ;

егер өз қызметін Үлгі жарғы негізінде жүзеге асырмайтын болса, жарғы;  
тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының  
к ө ш і р м е с і .

*Е с к е р т у :*

Мына жағдайда, егер серіктестік құрылтайшылары өз қызметін серіктестіктің  
Үлгі жарғысы негізінде жүзеге асыру жөнінде шешім қабылдаған болса,  
серіктестікті мемлекеттік тіркеу кезінде жарғыны ұсыну талап етілмейді.

Осы жағдайда арызға барлық құрылтайшылар қол қояды, қолдардың растығы  
нотариалды куәландырылады.

19. Мекеме :

тіркеу туралы өтініш ;  
мекемені құру туралы меншік иесі шешімі;



е р е ж е ( ж а р ғ ы ) ;

құрылтай шарт немесе басқа да келісім (құрылтайшысы бірден көп болған жағдайда) ;

тұрған жерін растайтын құжат;

тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының көшірмесі.

**Тіркеуге ұсынылатын құжаттардың барлық тізіміне Ескертулер**

*Ескерту. Ескертулерге өзгерістер, толықтырулар енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 202 бұйрығымен , 2000 жылғы 11 сәуірдегі N 61 бұйрығымен , 2000 жылғы 25 мамырдағы N 109 бұйрығымен , жаңа редакцияда жазылды - 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен .*

1. Заңды тұлғаны тіркеу үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі, мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылып, үш дана етіп берілетін құрылтай құжаттары қоса тапсырылады .

2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, қызмет мәні банк және сақтандыру қызметі болып табылатын заңды тұлғаны тіркеу үшін - қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты, ал банктердің филиалдары мен өкілдіктерін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын есептік тіркеу үшін аталған органның келісімі қосымша талап етіледі.

3. Банктердің, филиалдар және өкілдіктер болып табылмайтын аумақтық оқшау бөлімшелері банк заңдарында белгіленген тәртіппен құрылады және есептік (мемлекеттік) тіркелуге жатпайды.

4. Қызметінің мәні зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру болып табылатын заңды тұлғаны тіркеу үшін қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның оны ашуға рұқсаты қосымша талап етіледі.

5. Заңды тұлғаның құрылтайшысы басқа заңды тұлға болып табылған жағдайда тіркеуші органға құрылтай құжаттарымен және басқа құжаттармен бірге құрылтайшыда-заңды тұлғада салық берешегінің жоқ екендігі туралы салық органының анықтамасы табыс етіледі.

6. Тиісті тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерін мемлекеттік тіркеуді монополияға қарсы органның

алдын ала келісімімен тіркеуші орган жүзеге асырады.

7. Өтінішке құрылтайшы немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен куәландырылған құрылтай құжаттарын қоса тіркей отырып, құрылтайшы уәкілдік берген адам қол қояды.

8. Шетел қатысатын заңды тұлғаларды тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, осы тәртіппен көзделген құжаттардан басқа, қосымша:

1) құрылтайшы - шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңдары бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын сауда тізілімінен заңды көшірмесі немесе басқа да заңы құжат мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариалдық жолмен куәландырылған аудармасымен қоса;

2) құрылтайшының - шетелдік жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын паспорттың көшірмесі немесе басқа да құжат мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариалдық жолмен куәландырылған аудармасымен қоса табыс етілуге тиіс.

9. Қоғамдық және діни бірлестіктерді тіркеу " Қоғамдық бірлестіктер туралы ", " Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы бапта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

10. Сонымен бір мезгілде тіркеуші органға заңды тұлғаның орналасқан жерін куәландыратын құжат табыс етіледі. Заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжаттары: жалдау, сатып алу-сату шарттарының нотариалдық куәландырылған көшірмесі, үй-жайға құқығының тіркелгені туралы куәлігі және азаматтық заңдарда көзделген өзге де құжаты болуы мүмкін. Егер үй-жайдың иесі жеке тұлға болған жағдайда, онда жеке тұлғаның үй-жайды заңды тұлғаның орналасқан жері ретінде бергені туралы нотариалдық куәландырылған келісімі табыс етіледі. Шағын кәсіпкерлік субъектілері өздерінің орналасқан жерін куәландыратын құжат табыс етпейді.

11. Бір немесе бірнеше заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін табыстау актісі немесе бөлу балансы, қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға кредиторларының осындай қайта ұйымдастыру туралы жазбаша хабардар етілгенін растайтын құжат та ұ с ы н ы л а д ы .

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де заң актілерінде көзделгеннен басқа қандай да болсын құжаттар мен мәліметтерді талап етуге тыйым салынады.



тізімінен ресми үзінді немесе басқа құжат;  
заңды тұлғаны құрылтай құжаттарының мемлекеттік және орыс тіліне  
аударылып нотариалды куәландырылған көшірмесі;  
тұрған жерін растайтын құжат;  
тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек немесе төлем тапсырмасының  
к ө ш і р м е с і .

*Е с к е р т у :*

1. Филиал немесе өкілдікті есептік тіркеу туралы өтініш Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі белгілеген нысанда беріледі.

2. Филиалдың немесе өкілдіктің ашылуы жөнінде шешім және оның басшысына берілетін сенімхат бір құжат түрінде дайындалуы мүмкін. Филиалдың (өкілдіктің) басшысына берілген сенімхат оны сайлау немесе тағайындау тәртібіне сәйкес қоғамдық бірлестіктер және діни бірлестіктердің филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеген кезде берілмеуі мүмкін.

3. Пәні банктік қызмет болып табылатын филиал немесе өкілдікті есептік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің оны ашуға келісімі, ал сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының филиалы немесе өкілдігін есептік тіркеу үшін уәкілетті мемлекеттік органның оны ашуға рұқсаты талап е т і л е д і .

4. Мемлекеттік кәсіпорын филиал құрған жағдайда меншік иесі немесе оның өкілетті органының филиал құруға келісім туралы құжат тапсыру керек.

5. Филиал немесе өкілдік туралы ереже тігілген әрі нөмірленген түрде екі данада беріледі.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік  
тіркеу Ережесіне 5 қосымша

*Ескерту. 5-қосымша алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен .*

Заңды тұлғаларды мемлекеттік  
тіркеу Ережесіне 6 қосымша

*Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 202 б ұ й р ы ғ ы м е н .*

*Ескерту. 6-қосымша алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 286 бұйрығымен .*

Заңды тұлғаларды мемлекеттік  
тіркеу Ережесіне 7 қосымша

-----

р е е с т р ұ с т а у ш ы

-----  
-----  
-----  
статистика органы

**Заңды тұлғаның, филиал мен өкілдіктің қызметін тоқтатқаны туралы хабарлама**

\_\_\_\_\_ заңды тұлғаның (филиал мен өкілдіктің) атауы \_\_\_\_\_ туралы мәліметтер

N \_\_\_\_\_ тіркелген

Иеленген ОҚЖК коды \_\_\_\_\_

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ ж. заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізімінен, филиалдар мен өкілдіктердің реестрінен шығарылды. \_\_\_\_\_ байланысты.

\_\_\_\_\_ қызметтің тоқтатылған негізі

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ ж. бұл туралы \_\_\_\_\_ бұйрық шығарылды.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Заңды

тұлғаларды

мемлекеттік

тіркеу Ережесіне 8 қосымша

*ЕСКЕРТУ. 8 қосымша алынып тасталды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі Комитеті төрағасының 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 202 бұйрығымен*